

Мақаланы рәсімдеу үлгісі

Түсті: 27.05.2025; Мақұлданды: 15.12.2025; Онлайн қолжетімді: 31.12.2025

*хат-хабар авторы

ҒТАМР 14.07.01

Ғылыми мақала

М.А.Ермекова^{*1} , Г.К.Шолпанқұлова² , П.С.Рахимғалиева³ 

^{1,2} Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана,
Қазақстан

³ Семей медициналық университет, Семей, Қазақстан

(E-mail: ^{*1}ermekova_moldir@inbox.ru ²sh.gul@mail.ru ³pakizat-88@mail.ru)

Болашақ педагог- психологтердің кәсіби қызметінде цифрлық технологияларды қолдануының ерекшеліктері

Аңдатпа. Мақала болашақ педагог-психологтердің цифрлық құзыреттілігін дамыту мәселесін зерттеу қажеттілігімен байланысты. Сондықтан болашақ педагог-психологтердің кәсіби қызметінде цифрлық технологияларды қолдануының басты мақсатын қарастыратын боламыз. Қазіргі таңда білім жүйесінің түрлі өзгерістерге ұшырауының басты себебі ақпараттық ағымның көп болуында. Қоғамның жылдам өзгерістеріне бейімделуінде өмір бойы білім алу қабілетінің бірі цифрлық құзыреттілігін дамытып отыру қажет. Заманауи кәсіби білім беру жүйесінің цифрлық ортада жұмыс істеуге, жетілдіруге және дамуға дайын маман даярлау міндетін ескере отырып, «цифрлық құзыреттілік» ұғымының мәні ашып көрсетіледі. Біздің пікірімізше, цифрлық құзыреттілік – бұл болашақ педагог-психологтердің цифрлық ортада (цифрлық дағдылар, цифрлық сауаттылық, алгоритмдік ойлау, деректерді талдау) цифрлық өнімдермен жұмыс істеу бойынша құзыреттер жиынтығының қалыптасуы, оларды кәсіби қызмет міндеттерін шешуде қолдану мүмкіндігі. Жоғарыда аталған мақсатқа жету үшін білім беру ұйымдары да өзгеріске дайын болуы керек. Сонымен қатар болашақ педагог-психологтер де кәсіби қызметінде нәтижелі, жауапты, белсенді, цифрлық технологияларды пайдалануда сауатты болуы керек. Цифрлық технологиялар – жаңа мүмкіндіктерді ашатын, әлемнің кез келген жерінде оқуға, өз білім беру қабілетін құруға және көптеген мүмкіндік беретін заманауи адамдардың өмір сүру ортасы. Болашақ педагог-психологтерге цифрлық технологияларды жүйелі және стратегиялық түрде пайдалану оларға ақпаратты жүйелі іздеу арқылы білім алуға және тәртіпті дамытуға, цифрлық білімді тез меңгеруге көмектеседі. Зерттеуде болашақ педагог-психологтердің цифрлық құзыреттілігін кәсіби

тұрғыда дамыту цифрлық технологияларды пайдалану арқылы жүзеге асырылады. Мақалада зерттеу мәселесіне теориялық талдау жасалады, болашақ педагог-психологтердің цифрлық құзыреттіліктерін дамыту жағдайларын анықтауға бағытталған эмпирикалық зерттеудің нәтижелері беріледі. Ұсынылған мәліметтер болашақ педагог-психологтердің кәсіби қызметінде цифрлық құзыреттілігін дамытуға мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: құзыреттілік, кәсібилік, кәсіби құзыреттілік, цифрлық құзыреттілік, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, цифрлық технологиялар, болашақ педагог-психологтер.

Кіріспе

Еліміздегі заманауи өзгерістер жүйесінде ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың өмірдің барлық салаларына енуінің объективті процесі жүріп жатыр. Сондықтан цифрлық қоғамның үнемі өсіп келе жатқан талаптарына тез бейімделе алатын мамандарға сұраныс артуда. Бұл білім беру жүйесін ақпараттандырумен байланысты модернизациялау мәселесін шешу қажеттілігін анықтап, жалпы кәсіби құзыреттіліктің құрамдас бөлігі ретінде болашақ мамандардың цифрлық құзыреттілігін дамыту мәселесін өзектендіруде.

2023-2029 жылдарға арналған цифрлық трансформация, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласын және кибер қауіпсіздікті дамыту тұжырымдамасында: салалық цифрлық трансформациялау, инновациялық экономиканы дамыту жаһандық бәсекеге қабілеттілікке қол жеткізудің ажырамас құрамдас бөлігі болып табылады. Сондықтан мемлекеттер мен әлем елдері бәсекеге қабілетті болу мақсатында өздерінің цифрлық даму стратегияларына бейімделіп, оларды қабылдауы қажет», - деп міндеттелуі цифрлық сауаттылықты дамытудың қажеттілігін айқындай түседі (Қазақстан Республикасы Үкіметі, 2023 №269 қаулысы).

Мемлекеттік басқару жүйесінде цифрлық технологияны қолдану – бүкіл бағдарламаның табысты болуының басты кілті, сондықтан «цифрлық білім беру жобасы күнделікті өмірде пайдалануды, цифрлық мамандарды, соның ішінде, білім беру саласында цифрлық құзыреттілікті дамытудың басты талап екенін көрсетеді (Аймағанбетов, 2020).

2020 жылдан бері енгізілген қашықтықтан оқыту цифрлық сауаттылық саласындағы білімді арттырудың, сонымен қатар болашақ педагог-психологтердің цифрлық құзыреттілігін дамытудың қажеттілігін көрсетеді.

Цифрлық сауаттылықты қалыптастыру техникалық қажеттілік емес, ол қазіргі қоғамның, соның ішінде білім беру жүйесінің жаңа болмысына бейімделудің басты шарты.

Сондықтан болашақ педагог-психологтер жоғары оқу орындарында оқып жүрген кезеңінен бастап цифрлық технологияларды еркін меңгеріп, оларды кәсіби тәжірибеде тиімді қолдануға дағдылануы тиіс.

Осы тұрғыдан алғанда, болашақ педагог-психологтердің кәсіби қызметінде цифрлық технологияларды қолдануының өзіндік ерекшелігі бар. Ол ерекшелік цифрлық құралдардың тек ақпарат жеткізуші ғана емес, психологиялық қолдау көрсету мен диагностика жүргізудің тиімді тетігіне айналуымен сипатталады. Бүгінде болашақ педагог-психологтердің кәсіби қызметінде цифрлық технологияларды қолдануы олардың функционалдық мүмкіндіктерін кеңейтеді. Қашықтан психологиялық кеңес беру, сандық диагностика жүргізу, виртуалды кеңістікте оқушылардың психологиялық және эмоционалдық жағдайын бақылау міндеттерін цифрлық құралдарды меңгеру арқылы жүзеге асырады. Мәселен, қазіргі таңда түрлі онлайн платформалар мен қосымшалар арқылы оқушылардың мотивациясын, көңіл-күйін бақылауға арналған әдістер тиімді қолданылып келеді, бұл маман жұмысының сапасын арттыруға, деректермен жұмыс істеудің жаңа мәдениетін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Сондықтан болашақ педагог-психологтердің кәсіби қызметінде цифрлық технологияларды тиімді қолдану заманауи білім беру жүйесінің негізгі шарттарының біріне саналады.

Әдебиеттерге шолу

Жоғары білім берудің қазіргі даму кезеңінде еңбек нарығы ерекше рөл атқарады. Осының нәтижесінде болашақ педагог-психологтердің әлемдегі тез өсіп келе жатқан жедел білім беру ортасына бірден бейімделе алатындай етіп дайындау маңызды міндеттердің біріне саналады.

Педагог-психологтың кәсіби іс-әрекеті мәртебесі мен функционалдық міндеттері (М.Р. Битянова, Р.С. Немов, Р.В. Овчарова, Е.И. Рогов, Н.В. Самоукина, Л.М. Фридман); білім беру ұйымдарында педагогикалық-психологиялық көмек бердің ең тиімді әдісі практикалық тұрғыда жүзеге асыру (Л.Г. Горбунова С.С. Кравцов В.А. Тарасов А.Г. Шмелев Л.Я. Ягодина); білім беру іс-әрекетінің сан алуан түрлерінде ақпараттандыру құралдарын қолдану отандық ғалымдар (Б.С.Ахметов, Е.В.Артықбаева, Т.О.Балықбаев, Е.Ы.Бидайбеков, В.В.Гриншкун, Д.М.Жүсібалиева, Г.О.Дүйсеева, Г.К.Нұрғалиева, А.Е.Сағымбаева, Н.Т.Сартаева, Е.Ж.Төребек, Р.И.Кадирбаева, Е.У.Медеуов және т.б.), сондай-ақ жақын және алыс шет елдік ғалымдар (С.Пейперт, И.В.Роберт, Б.Хантер, Е.К.Хеннер, В.Ф. Шолохович және т.б.) еңбектерінде қарастырылады.

Қазіргі заманда цифрландыру білім беру саласының барлық бағыттарын қамтиды. Ғалымдар (Сарсенбаева және басқалар, 2021; Haleema және басқалар, 2022) білім беру жүйесінде цифрлық технологияларды қолдану оқыту сапасын арттыратынын атап өтеді.

БҰҰ-ның 2030 жылға дейінгі тұрақты даму күн тәртібінің негізгі құрамдас бөліктерінің бірі сапалы білім беру болып табылады. Оның мақсаты – барлығына инклюзивті және тең сапалы білім беру. Цифрлық технология осы мақсатқа жетудің маңызды құралына айналды. Цифрлық технологиялар өндіріс пен тиімділікті арттыра отырып, ластану мен қалдықтарды азайтуға немесе

жоюға бағытталған. Бұл технологиялар білім беру жүйесіне күшті әсер етті, презентациялар мен жобаларды жасау үшін әртүрлі бағдарламалар мен құралдарды пайдаланады (Haleema және басқалар, 2022).

Отандық ғалымдар елімізде цифрландыру үдерісінің жүзеге асу қарқынына сипаттама жасап, Қазақстан 4.0 индустриясын дамытуда перспективалы ел болуға толық мүмкіндік бар деп тұжырымдайды. Оны белсенді енгізу үшін ең алдымен, білім беруді цифрландыру қажеттігін баса көрсетеді, өйткені бұл процестің білім беру сапасына әсері білім алушыларға әлеммен, әсіресе заманауи технологиялармен нақты танысуға мүмкіндік беретіндігімен дәлелдейді (Сарсенбаева және басқалар, 2021).

Сонымен қатар бірқатар зерттеулер (Сардарова және басқалар, 2023; Mandayeva және басқалар, 2025; Tomczyk et al., 2024; Momdjian, 2025) педагог-психологтердің кәсіби құзыреттілігін дамытуда цифрлық құралдардың тиімділігін көрсетеді.

Шет елдік және отандық ғалымдардың «цифрлық құзыреттілік» ұғымы және оның құрамдас бөліктері туралы тұжырымдарын жан-жақты талдау «цифрлық құзыреттілік» ұғымын және оның құрамдас бөліктерінің мазмұнын айқындауға негіз болады. Цифрлық құзыреттілік – бұл өмірдің барлық салаларында маңызды таңдаулар негізінде жеке тұлғаның ақпараттық-коммуникациялық технологияларды сенімді, қауіпсіз және тиімді пайдалану қабілеті. Сәйкесінше, цифрлық құзыреттілік компоненттерінің құрамы мынадай мазмұнға ие болды: эмоционалды-ерікті; әлеуметтік желідегі байланыс; когнитивтік; белсенді; рефлексиялық-бағалауыш (Сардарова және басқалар, 2023).

Mandayeva A.Y., Aplashova A.Zh., Butenova K.S. және Gelişli Y. (2025) Қазақстандағы педагог-психологтарды кәсіби даярлауда цифрлық құзыреттілікті қалыптастыру мәселелерін зерттей келе, қазіргі жағдай педагогтерден тек дәстүрлі білімді ғана емес, сонымен қатар цифрлық технологияларды тиімді қолдана білуін талап ететінін көрсетеді. Зерттеуде негізгі проблемалар ретінде цифрлық дайындықтың жеткіліксіздігі, заманауи технологиялардың шектеулі пайдаланылуы және құзыреттілікті бағалаудың бірізді тәсілінің болмауы аталған (Mandayeva және басқалар, 2025).

Томчик және оның әріптестері цифрлық құзыреттілікті стратегиялық кәсіби дағды ретінде қарастырады. Авторлар жүргізген жаһандық зерттеу нәтижелері жана буын педагогтердің цифрлық құзыреттіліктерін қалыптастыруда стратегиялық көзқарастың маңыздылығын көрсетеді. Зерттеуде DigCompEdu шеңберін кәсіби даярлау бағдарламаларына енгізу студенттердің кәсіби бейімделуін арттыратыны дәлелденген. Бұл тұжырым болашақ педагог-психологтердің кәсіби қызметінде цифрлық технологияларды қолдану ерекшелігін түсіндіруге негіз бола алады, сондай-ақ бәсекеге қабілетті әрі заманауи талаптарға жауап беретін маман болудың алғы шарты (Tomczyk et al., 2024).

Momdjian (2025) мұғалімдердің цифрлық құзыреттілігін қалыптастыруда психологиялық және педагогикалық компоненттердің өзара байланысын атап

өтеді. Автор зерттеуінде мұғалімдерді даярлау бағдарламаларында цифрлық құзыреттілікті қалыптастырудың тиімді тәсілдері қарастырылып, бұл құзыреттіліктің тек техникалық емес, психологиялық және педагогикалық компоненттерді қамтитыны көрсетілген (Momdjian et al., 2025)

Chu және әріптестері (2023) цифрлық оқыту құзыреттілігіне әсер ететін факторларды зерттеп, технологияға көзқарас пен деректер сауаттылығының маңызды медиаторлық рөлін айқындаған. Мұндай нәтиже психологиялық қызмет көрсету кезінде цифрлық этика мен деректерді өңдеу мәдениетінің рөлін көрсетеді. Бұл зерттеулер болашақ педагог-психологтердің кәсіби қызметінде цифрлық технологияларды қолдану тек техникалық машық емес, кәсіби-психологиялық мәдениеттің бөлігі екенін дәлелдейді. Авторлар анықтағандай, деректермен саналы жұмыс істеу және технологиялық этиканы сақтау мамандардың кәсіби құзыреттілігінің басты көрсеткіштеріне айналады. Осы тұрғыда болашақ педагог-психологтердің цифрлық этиканы сақтай отырып, онлайн қарым-қатынас жүргізу дағдыларын дамыту қажет (Chu et al., 2023).

Dolezal және әріптестері (2025) студенттердің жартысынан көбі оқу бағдарламалары оларды цифрлық технологияларды кәсіби қолдануға жеткілікті дайындамайтынын анықтаған. Бұл тұжырым Қазақстандағы педагог-психологтарды даярлау жүйесінде де өзекті, себебі болашақ мамандардың практикалық дағдылары жеткілікті деңгейде дамымағанын көрсетеді (Dolezal et al., 2025).

Ayudin және әріптестері (2024) мұғалімдердің цифрлық құзыреттерін өлшеудің жаңа шкаласын (TDC-S) жасап, педагогикалық, техникалық, әлеуметтік және этикалық аспектілерді біріктірген. Бұл құрал болашақ педагог-психологтердің цифрлық құзыреттілігін бағалауға бейімдеуге болатын үлгі ретінде ұсынылады (Ayudin et al., 2024).

Болашақ педагог-психолог ретінде студент білім беру ортасында белсенді позицияны иеленуі керек, оларға үлкен жауапкершілік жүктеледі, өйткені ол білім алушылардың қоғамға бейімделуіне және көңіл-күйінде тұрақтылықты жақсартуға, жеке тұлғаның дамуына оң әсерін тигізетін маман болып есептеледі. Сол үшін де, жоғары оқу бітірген соң өзіне сенімді, кәсіби қызметті меңгеруде тек ғана цифрлық құзыреттілікті ғана емес жан-жақты құзыреттіліктерді игеру маңызды.

Бүгінгі таңда болашақ педагог-психологтердің аталған кәсіби және тұлғалық қасиеттеріне цифрлық құзыреттілікті қосуға болады, өйткені қазіргі әлемді цифрлық технологияларсыз елестету мүмкін емес. Технологияны меңгерген және ақпаратты дұрыс қабылдаған адамдар сыни тұрғыдан ойлайды, туындаған қиындықтарды бағалауға жақындайды және өз жұмысын табысты жүзеге асырады.

Болашақ педагог-психологтар іс-әрекетінде кәсіби және тұлғалық сапалар өзара тығыз байланыста көрініс табады. Маманның тұлғалық қасиеттері кәсіби жұмысты жүзеге асыруға әсер етеді. Осы себепті болашақ педагог-психологтың кәсіби іс-әрекетінде тұлғалық қасиеттер басты негізді құрайды.

Сондықтан ғалымдар болашақ педагог-психологтердің келесі кәсіби және тұлғалық сапа-қасиеттерін анықтайды: эмпатия таныту, сезімталдық, эмоционалды жайлылық ортасын құра білу; көмек пен қолдау көрсетуге, адамның өз дамуын ынталандыруға ұмтылу; жеке нанымдар мен пайымдаулардан бас тарту, бейімделу мен төзімділік, өзін-өзі ұстауы, өз-өзіне деген сенімділік, өзін-өзі дұрыс бағалай білу, қоғамдық және кәсіби принциптердің болуы, қарым-қатынаста әдептілікті, өзгенің пікірін сыйлауды, жұмысты нәтижелі атқару.

Білім беру мамандары үшін цифрлық құзыреттілік тек техникалық дағдылармен шектелмейді. Repetto және әріптестері (2021) атап өткендей, цифрлық этика, деректер қауіпсіздігі және құпия ақпаратты қорғау әсіресе педагог-психологтар үшін өте маңызды. Цифрлық құралдарды қолдану барысында тест нәтижелерін, кеңес беру ақпаратын сақтау мен жеткізу этикалық нормаларға сай болуы қажет (Repetto және басқалар, 2021).

Солдатова және Рассказова (2016) цифрлық құзыреттілікті адамның ақпараттық-коммуникациялық технологияларды сенімді, тиімді сыни, қауіпсіз таңдау және қолдану қабілеті ретінде сипаттайды (Солдатова және Рассказова 2016).

Осы тұрғыда алғанда, жоғарыдағы отандық, алыс және шетелдік ғалымдардың зерттеулеріне сүйене отырып, біздің зерттеу контекстімізге сәйкес цифрлық құзыреттілікті болашақ педагог-психологтардың цифрлық ортада (цифрлық дағдылар, цифрлық сауаттылық, алгоритмдік ойлау, деректерді талдау) цифрлық өнімдермен жұмыс істеу бойынша құзыреттер жиынтығының қалыптасуы, оларды кәсіби қызмет міндеттерін шешуде қолдану мүмкіндігі деп түсінеміз.

Сондықтан цифрлық құзыреттілік – бұл білімнің, біліктің және дағдылардың күрделі кешені екенін көрсетеді, оның ішінде: цифрлық білім беру ресурстары мен білім беру платформаларының сан алуан түрлерін білуі; әр түрлі білім беру порталдары негізінде интерактивті режимде жеке тапсырмаларды құрастыра алуы; сан алуан түрлі ақпараттық-білім беру құралдарын пайдалана отырып, қашықтықтан оқу сабақтарының, ғылыми және сабақтан тыс іс-шаралардың түрлерін өткізу дағдыларының қалыптасуы, цифрлық құзыреттілікті дамытуға ынталану қабілетінің болуы және т.б.

Осы тұрғыдан, болашақ педагог-психологтердің еңбек функциялары шеңберінде орындауы тиіс кәсіби қызмет пен еңбек әрекеттеріне сүйене отырып, біз айтып отырған «цифрлық құзыреттілік» ұғымын келесі компоненттері арқылы қарастыруға болады:

- цифрлық тұтынушылық заман ағымына қарай ақпараттарды күнделікті өмірде, кәсіби қызметте ғаламтор мен әлеуметтік желілерді пайдаланумен байланысты цифрлық және техникалық құрылғыларды пайдалану арқылы ақпараттық кеңістікке қол жеткізіп, қарым-қатынаста эмоциялық тұрақтылықты сақтауы;

- цифрлық сауаттылық цифрлық технологиялар мен бағдарламаларды, ақпаратты, әлеуметтік желілерді, телефонды дұрыс пайдалану және жұмыс

жасау мүмкіндігі, компьютерлік сауаттылық цифрлық сауаттылыққа қол жеткізудің басты индикаторы, компьютердің көмегі арқылы ақпараттарды іздеуі, жүйелеуі, оны қызметте ұтымды қолдануы;

- цифрлық қауіпсіздік ғаламтор кеңістігі арқылы қоршаған ортамен қарым-қатынас жасауында өзін-өзі дұрыс ұстауы, этикалық талаптарды сақтауы, жалған ақпарат таратпауы, жауапкершілікті сезінуі.

Осы орайда, кез келген саладағы жұмыс берушілердің жоғары білім беру жүйесінің түлектеріне қойылатын маңызды талабы цифрлық құзыреттіліктің болуы екендігін ескере отырып, зерттеу барысында жүргізілген әдебиеттерге шолу болашақ педагог-психологтардың цифрлық құзыреттілігін дамыту аспектісінің жеткіліксіздігін көрсетеді.

Сондықтан алдымен ақпараттық-коммуникативтік технологияларды (АКТ) болашақ педагог-психологтардың қызметтерін орындауда ғана емес, арнайы білім беру ресурстарымен бірге оқу үдерісінде оны қолдаудың қажеттілігі айқындалады (1-кесте).

1-Кесте. Болашақ педагог-психологтердің қызметінің негізгі түрлеріндегі кәсіби міндеттерді шешудегі функциялары

Іс-әрекет түрі	Кәсіби міндеттері	АКТ қолданылу	АКТ функциялары
Психо диагностика жасау	Тест әдістемелерін дайындау, тестілеу өткізу, алынған нәтижелерді талдау, ақпаратты пайдалану, сақтау, өңдеу жұмыстарын жүргізу.	Ғаламтор, электронды пошта, бағдарламалар тесттер, электронды кітапшалар.	Қазіргі таңда білім беру үрдісінде тест және әртүрлі тапсырмаларды оңтайлы әрі шынайылығына қол жеткізу. Уақытты барынша үнемді пайдалану.
Қателер мен жұмыс және дамыту	Әр түрлі сайт, бағдарламаларды құрастыру, топтарға бөлу, жұмыстың нәтижесін бақылау, дәріс өткізу, материалдарды жинақтау.	Ғаламтор, электрондық пошта, электронды кітапшалар, материалдар жинағы, цифрлық ойындар, графикалық кестелер мен сызбалар, ұнтаспа арқылы музыка тыңдау.	Қателер мен жұмыс жасау арқылы нәтижеге қол жеткізу. Топтарға бөлу арқылы ақпаратты жылдам әрі тез үйрену, өткізілетін тақырыпқа байланысты уақыт тиімділігін пайдалану. Білім алушылардың өзін-өзі дамуына

			мүмкіндік жасау.
Кеңес алу арқылы қалыптасу	Қазіргі таңдағы жаңа ақпараттарды алу, дәрістер, семинарлар, тренингтерден ақпарат алу, онлайн дәрістер оқу.	Ғаламтор, электрондық почта, әлеуметтік желілер, презентациялар, баспа жүйелері,	Қазіргі таңдағы жаңа ақпаратқа қол жеткізу, білім берудің тиімділігін арттыру.
Жалпы педагогикалық-психологиялық талдау	Нәтижелерді қадағалап дамытуды тоқтатпау, дәріспен қатар жаңа ақпараттарды пайдалану.	Ғаламтор, әлеуметтік желілер, білім беру және ақпараттық дайындық.	Құзыретті маман дайындау, білімді жетілдіруге заман ағынына ілесіп отыру, уақыт тиімділігін арттыру.

Кестеде көрсетілгендей, болашақ педагог-психологтердің цифрлық құзыреттілігін дамыту жағдайларының (іс-әрекет түрлері, кәсіби міндеттері) тұлғалық сапаларымен өзара байланысына келетін болсақ, олардың ақпараттық-коммуникативтік технологияларды кәсіби қызметте тиімді пайдалану дағдыларын артырады.

Бұл педагог-психологтердің цифрлық технологияларды меңгеруге және әлеуметтік желілермен өзара әрекеттесуге психологиялық дайындық деңгейін анықтауға мүмкіндік береді. Цифрлық құзыреттілікті жаңа технологияларды, соның ішінде цифрлық технологияларды тиімді қолдану дағдылары деп те санауға болады.

Зерттеу нәтижелері болашақ педагог-психологтердің кәсіби қызметінде цифрлық технологияларды нақты қолданудың бірнеше бағыттарын көрсетуге мүмкіндік береді.

- *Canva, Mentimeter, Kahoot, Padlet* интерактивті құралдарды қолдана отырып, аудиторияның белсенділігін арттыруға болады;

- *Google Forms, PsyToolkit, PsyTest, PsyMetrics* онлайн-қолданбалар психологиялық диагностика жүргізу кезінде мәліметтерді автоматты түрде жинақтап, талдау үдерісін жеңілдетеді;

- *Zoom, Google Meet, Telegram, WhatsApp* платформалары арқылы онлайн-психологиялық кеңес беру мен кері байланыс орнату қашықтықтан кәсіби көмек көрсету тәжірибесінің кеңінен таралғанын көрсетеді;

- *Google Drive, Jamboard, Miro* сервистері деректермен жұмыс істеу және кәсіби рефлексияны ұйымдастыруда пайдаланылады.

- *Google Translate* мәтінді немесе жазуды суретке түсіріп, содан кейін қажетті үзіндіні таңдап, оны бірден аударуға болатын сөздерді әртүрлі тілдерге аударуға арналған қосымша.

- *Mind Online* бейнеконференцияларды ұйымдастыруға арналған, қатысушылардың шексіз санын қосу, үйренуге оңай пайдаланушы интерфейсі, виртуалды кездесулерді ұйымдастырудың кең функционалдығымен сипатталады.

Бұл мысалдар болашақ педагог-психологтердің кәсіби қызметінде цифрлық технологияларды қолдану тек оқу мақсатымен шектелмей, психологиялық диагностика, кеңес беру, тренинг ұйымдастыру және талдау секілді практикалық міндеттерді шешудің құралына айналғанын дәлелдейді.

Әртүрлі цифрлық бағдарламалар болашақ мамандар үшін тек қосымша құрал емес, кәсіби қызметтің ажырамас бөлігіне айналуға. Олар психологиялық диагностика жүргізу, сауалнама алу, нәтижелерді визуализациялау, психокоррекциялық жаттығулар дайындау үшін кеңінен қолданылады. Мысалы, *PsyTest*, *PsyMetrics*, *Google Forms*, *SPSS*, *Miro*, *Canva* сынды қосымшалар психологиялық деректермен жұмыс істеуді жеңілдетеді әрі сапалы етеді. Сонымен қатар, цифрлық ортада жұмыс істеу мәдениетін қалыптастыру болашақ педагог-психологтың еңбек нарығында бәсекеге қабілетті болуына ықпал етеді.

Сондықтан білім беру үдерісіне ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың белсенді енуіне, білім беру ұйымдарында «электрондық мектептің» енгізілуіне байланысты болашақ педагог-психологтердің электрондық ресурстарды пайдалануы оның кәсібилігінің өлшемдерінің бірі болып табылады.

Электрондық ресурстар – бұл электронды құрылғылар арқылы шығарылатын ғылыми-әдістемелік, дидактикалық, оқу және басқа материалдар (мәтіндік материалдар, мәліметтер базасы, визуалды және дыбыстық фрагменттер түрінде графика, дыбыс, бейне, фото, анимация).

Сондықтан болашақ педагог-психологтердің кәсіби іс-әрекетінде әртүрлі компьютерлік бағдарламалар пакетін (мысалы, *Microsoft Office*) қолдана отырып, жасайтын материалдары электрондық ресурстарды деп санауға болады.

Microsoft Office, яғни кеңсе бағдарламаларының пакеті маманның таптырмас көмекшісі болып табылады, олардың көмегімен келесі қызмет түрлерін жүзеге асыруға болады:

- құжаттау (мәтіндік құжаттарды жасау және сақтау);
- түрлі көрнекі материалдарды дайындау (буклеттер, парақшалар, шақырулар жасау);
- диагностика жүргізу және оның нәтижелерін өңдеу (сауалнамалар, сауалнамалар, қарапайым тесттер жасау және нәтижелерді есептеу);
- деректер базасын құру және есептерді жылдам дайындау (Электрондық журнал жүргізу, мәліметтер базасымен жұмыс істеу);

- баяндамалар, презентациялар дайындау; жұмысты жоспарлау және жұмыс уақытын тиімді пайдалану (электрондық дәптерді қолдану, жазбалар, бетбелгілер жасау, материалдарды жүйелеу) және т. б.

Сонымен, кеңсе бағдарламаларының (Microsoft Office, Microsoft Word, Microsoft Publisher, Microsoft Excel) мүмкіндіктері мен оларды пайдалану қабілеттері туралы білімнің болуы педагог-психолог қызметінің тиімділігін арттырады. Іс жүзінде бағдарламаның барлық негізгі мүмкіндіктерін пайдалануды үйрену жұмыс уақытын тиімді ұйымдастыруға көмектеседі.

Сонымен бірге зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып, болашақ педагог-психологтердің цифрлық құзыреттілігін дамыту үшін келесі әдістемелік бағыттарды енгізу ұсынылады:

- цифрлық платформалар негізінде кәсіби тапсырмалар (кейстер, онлайн - тренинг, диагностика үлгілері) орындау;

- болашақ педагог-психологтердің цифрлық этика мен деректер қауіпсіздігі бойынша білімін тереңдету;

- оқу пәндеріне «цифрлық психологиялық практика» элементтерін енгізу. Мұндай әдістемелік шешімдер цифрлық технологияларды кәсіби психологиялық қызметтің құрамдас бөлігі ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу мақаламыздың негізгі мақсаты – болашақ педагог-психологтерді кәсіби қызметінде цифрлық технологияларды қолдануға дағдыландыру мәселесін теориялық тұрғыдан негіздеу. Болашақ педагог-психологтердің цифрлық құзыреттілігін дамыту мәселесі бойынша әдебиеттерді талдау, озық тәжірибені зерделеу және жалпы қорытындылау әдістері қолданылды.

Зерттеу барысында Т.А.Аймалетдинов құрастырған әдістемені пайдалана отырып, цифрлық құзыреттілік деңгейі зерттелді. Автор әдістемесі цифрлық сауаттылық деңгейін кешенді өлшеуге мүмкіндік береді. НАФИ талдау орталығы берген цифрлық сауаттылықтың анықтамасын ең толық деп санауға болады: «цифрлық сауаттылық дегеніміз — адамға ақпаратты қауіпсіз және дұрыс басқаруға, түсінуге, біріктіруге, бөлісуге, бағалауға, құруға және оған қатысуға арналған сандық құрылғылар мен желілік технологиялар арқылы қол жеткізуге мүмкіндік беретін білімнің, дағдылар мен көзқарастардың негізгі жиынтығы экономикалық және әлеуметтік өмір». Цифрлық құзыреттіліктің негізі цифрлық сауаттылық болып табылады. Зерттеудің бір бөлігі ретінде цифрлық сауаттылық индексінің мәндері жеке әлеуметтік кіші топтар үшін де қолданылады. (Аймалетдинов және басқалар, 2019).

Экспериментке Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің 6B01103 – «Педагогика және психология» білім беру бағдарламасының 1-2 курс студенттері қатысты. Жалпы саны – 91 студент (2023-2024 оқу жылы бойынша). Мұнда 1 курс студенттері эксперимент тобына (54 студент), 2 курс студенттері бақылау тобына (37 студент) жатқызылады.

Сондықтан цифрлық құзыреттілік деңгейін анықтау үшін таңдап алынған әдістеме қолданылып, зерттеу барысында алынған нәтижелеріне жасалған талдаулар ұсынылады.

Нәтижелер мен талқылау


Осы әдістемені жүзеге асыру барысында болашақ педагог-психологтердің цифрлық құзыреттіліктерінің басымдылығы орташа және жоғары деңгейде екені байқалады. Экспериментке қатысқан студенттердің 21% жоғары, 57% орташа, 22% төмен деңгейге ие болды (1-сурет).



1-Сурет. Болашақ педагог-психологтердің цифрлық құзыреттілігін дамыту деңгейі (Т.А.Аймалетдинов әдістемесі бойынша).

Ескерту: ЭТ- эксперимент тобы

Бақылау тобы студенттерінің 18% жоғары, 49% орташа, 33% төмен деңгейге ие болды (2-сурет).



2-Сурет. Болашақ педагог-психологтердің цифрлық құзыреттілігін дамыту деңгейі (Т.А.Аймалетдинов әдістемесі бойынша).

Ескерту: БТ- бақылау тобы

Орташа деңгей болашақ педагог-психологтердің басым бөлігі цифрлық технологияларды қолданудың әлеуетін түсінетінін және оларды өз жұмысында пайдалану мақсатында зерттегісі келетінін білдіреді.

Болашақ педагог-психологтердің цифрлық құзыреттілігін арттырып, цифрлық құрылғыларды қолдану аясын арттыру арқылы шығармашылық тұрғыда пайдалануға мүмкіндік жасау маңызды.

Жоғары деңгейлі болашақ педагог-психологтар цифрлық құрылғыларды кешенін шешуші, шығармашылық тұрғыда сыни қолдана алатынын көрсетеді.

Сонымен қатар, Kumrikaitė - Valiūnienė және әріптестері (2022) цифрлық құралдарды білім беру психологиясына интеграциялау болашақ мамандардың оқушылармен, ата-аналармен тиімді байланыс орнатуына жағдай жасайтынын анықтаған. Дегенмен, стандартталған оқытудың болмауы мен цифрлық өзгерістерге қарсылық педагогтарды даярлауда кедергі келтіреді. Олар арнайы жағдайлар үшін цифрлық құрылғылар мен әдейі таңдайды және әртүрлі цифрлық стратегиялардың жақсы және жаман жақтарын түсінуге тырысады, қызығушылыққа толы, жаңа идеяларға ашық және қолдана алатын көптеген сынақтан өтпеген цифрлық технологиялар бар екенін түсінеді.

Тәжірибе жасау арқылы болашақ педагог-психологтер өз кәсіби қызметінде қолданылған цифрлық құралдар қорын толықтырады, құрылымдайды және жақсартады.

Болашақ педагог-психологтердің цифрлық құзыреттілігінде цифрлық құрылғыларды қолдану және ақпараттық базаны құру, компьютерлік диагностика жасау, зерттеу барысында эмоциялық тұрақтылық, нәтижелерді статистикалық талдау, экспериментті ұйымдастыру, бастапқы мәліметтерді өңдеу және автоматтандыру іс-әрекеттерді іске асыруға мүмкіндік берді.

Осы тұрғыда цифрлық технологияларды білім беру бағдарламаларын оңтайландырады және оқу тиімділігін арттырады. Зерттеу барысы көрсеткендей, болашақ педагог-психологтердің цифрлық құзыреттілігі кәсіби қызметінде табысты білім беруде жаңа серпін береді.

Заманауи цифрлық технологиялар статистикалық мәліметтерді өңдеу, әртүрлі бағдарламаларды пайдалану, өздерінің веб-сайттарын құру және т.б. мүмкіндіктерін арттырады.

Білім бердің цифрлық құралдары интерактивті тақталар, тестілеу бағдарламалары, интерактивті тақталар, презентациялар, электронды кітап оқу құрылғылары, бейнеконференция жүйелер мен дыбыстық құрылғыларды меңгеру үшін цифрлық құзыреттілікті дамыту маңызды болып табылады.

Алынған эмпирикалық деректер, бір жағынан, болашақ педагог-психологтердің өз жұмысында цифрлық құралдарды белсенді және шығармашылық пайдалануға жеткіліксіз дайындығын, екінші жағынан, болашақ педагог-психологтердің цифрлық құзыреттілігін мақсатты түрде дамытудың мүмкіндігін сипаттайды. Бұл идеялар болашақ педагог-психологтердің ағартушылық, профилактикалық және ақпараттық қызметімен байланысты, оны жүзеге асыруда цифрлық құзыреттілігін дамытады. Бұл

жағдай болашақ педагог-психологтердің цифрлық құзыреттілігін дамытудың мақсатты үдерісінің табыстылығын болжауға негіз болады.

Қазіргі білім беру кеңістігінде цифрлық технологияларды тиімді пайдалану – болашақ педагог-психологтердің кәсіби даярлығындағы маңызды бағыттардың бірі. Себебі заманауи оқыту мен тәрбиелеу үдерісі ақпараттық-коммуникациялық ортада жүріп жатыр. Психолог маман ретінде цифрлық құралдарды, платформаларды, онлайн сервистер мен қосымшаларды еркін меңгеру – психологиялық қолдау мен кеңес беру қызметінің сапасын арттыруға зор мүмкіндік береді.

Цифрлық технологиялар арқылы педагог-психологтер оқушылардың психологиялық жай-күйін мониторинг жасау, сауалнама жүргізу, диагностика құралдарын қолдану, психокоррекциялық жаттығулар ұйымдастыру сияқты жұмыстарды икемді әрі жедел орындай алады. Сонымен қатар, бұл технологиялар балалармен, ата-аналармен және әріптестермен қашықтықтан тиімді қарым-қатынас жасауға жағдай жасайды.

Жалпы, болашақ маман ретінде мен цифрлық құзыреттіліктің дамуын уақыт талабы деп санаймын. Цифрлық сауаттылық – тек техникалық қабілет емес, сонымен бірге ақпаратты дұрыс іріктеп, оны кәсіби міндеттерге бейімдей білу мәдениеті. Сондықтан бұл бағыттағы білім мен дағдыны үздіксіз жетілдіру – бүгінгі студенттің де, ертеңгі маманның да басты міндеті деп есептеймін.

Алынған нәтижелер болашақ педагог-психологтердің кәсіби қызметінде цифрлық технологияларды тиімді қолдану қажеттігін тағы да дәлелдейді.

Қорытынды

Қазіргі педагог-психолог тек теориялық біліммен шектелмеуі тиіс, ол заманауи цифрлық кеңістікте еркін бағдарлай алатын, технологияны тиімді қолдана білетін кәсіби тұлға болуы қажет. Әсіресе психологиялық көмек көрсету, диагностика жүргізу немесе білім алушылармен кері байланыс орнатуда цифрлық платформалар мен сервистердің маңызы ерекше.

Болашақ педагог-психолог кадрлардың кәсіби даярлығында Zoom, Google Forms, Mentimeter, Padlet құралдарды психологиялық іс-әрекетте шебер оқушылармен интерактивті қарым-қатынас орнатуға, жедел ақпарат жинауға және заманауи форматта психологиялық қызмет көрсетуге мүмкіндік береді.

Сондықтан цифрлық технологияларды меңгеру техникалық дағды емес, ол – болашақ маманның кәсіби мәдениетінің бір бөлігі. Себебі, цифрлық құзыреттілік қазіргі педагогикалық тұлғаның кәсіби мәдениетінің өлшеміне айналды. Сондықтан болашақ педагог-психологтер кәсіби мәдениеттің құрамдас бөлігі ретінде цифрлық құзыреттілікті үздіксіз жетілдіріп отыруы тиіс.

Сондықтан болашақ педагог-психологтердің кәсіби қызметінде цифрлық технологияларды қолдануының ерекшеліктерін талдау келесідей қорытынды жасауға мүмкіндік береді:

- болашақ педагог-психологтердің қарапайым және қызықты жағдайларда өз функцияларын тиімді және жоғары нәтижелі орындау, жаңа нәрселерді жылдам меңгеру және тез бейімделу қабілетін кәсіби тұрғыдан сипаттайды;

- болашақ педагог-психологтердің ең маңызды кәсіби және тұлғалық қасиеттері олар эмоциялық тұрақтылық, өзін-өзі бағалау, шешім шығара білу, ұстамдылық, т.б анықталды.

- болашақ педагог-психологтердің кәсіби құзыреттілігі оның кәсіби қызметінің шығармашылық сипатынан, жаңа тәсілдер мен инновациялық технологияларды үнемі іздестіруінен көрінеді.

Қолданылған әдістеменің нәтижелері болашақ педагог-психологтердің цифрлық құзыреттіліктерді меңгеруінің оң деңгейін көрсетеді. Олар өз қызметінде цифрлық технологияларды қолданудың маңыздылығын түсінеді.

Ғылым мен техникадағы жаңалықтар субъектінің барлық қызмет салаларындағы өзгерістерге байланысты. Білім беру жүйесі алғашқылардың бірі болып цифрландыру үдерісі белгілеген жаңа үрдістерді қабылдады. Мұның дәлелі білім беру ұйымдарының білім беру үдерісінің барлық қатысушылары белсенді қолданатын әртүрлі цифрлық платформаларды білім берудің барлық деңгейлерінің оқу үдерісіне енгізуі болып табылады.

Қоғамдағы қазіргі жағдай, ғылымның, техниканың дамуы, білім беруді ақпараттандыру және цифрландыру тенденциялары педагогикалық үдерісті ұйымдастыру тәсілдерін өзгертудің қажеттілігін тудырады. Бұл зерттеудің мақсаты болашақ педагог-психологтердің кәсіби қызметіндегі цифрлық технологияларды қолданудың маңызын зерттеу болды. Ол өз кезегінде болашақ педагог-психологтердің цифрлық құзыреттіліктерін дамытуға ықпалын тигізеді. Болашақта зерттеуді тереңдетіп, цифрлық құзыреттілікті арттыруға бағытталған арнайы бағдарламалар мен курстарды әзірлеу маңызды болып табылады.

Авторлардың қосқан үлесі:

Ермекова М.А. – зерттеу жұмысына байланысты ғылыми-педагогикалық, теориялық әдебиеттерді тақырыпқа сәйкес жинақтап, талдау жасады. Эксперимент жүргізу, оның нәтижелеріне математикалық анализ жасау автордың үлесінде болды.

Шолпанқұлова Г.К. – автор Қазақстан және шет ел ғалымдарының еңбектерін талдауға қатысты. Эксперимент нәтижесі бойынша алынған мәліметтерге әдіснамалық және теориялық талдау жүргізді.

Рахимғалиева П.С. - автор мақаланың кіріспесін және мақсаты мен міндеттерін жазды. Зерттеу жұмысының деректеріне талдау жасап, мақаланың рәсімдеуін, жоспарын басшылыққа алды.

Әдебиеттер тізімі

Аймағанбетов, А. (2020). Цифрлық білім: баяндама, 30 маусым 2020 ж. Қолжетімді: https://kaz.inform.kz/news/ashat-aymagambetov-ukimetke-cifrlыk-bilim-zhobasyn-tanystyrdy_a3667423/ (қол жеткізілген күні: 20.01.2025).

Аймалетдинов, Т.А. (2019). Цифровая грамотность российских педагогов. Готовность к использованию цифровых технологий в учебном процессе./ Т.А. Аймалетдинов, Л.Р. Баймуратова, О.А. Зайцева, Г.Р. Имаева, Л.В. Спиридонова –Текст: электронный // Аналитический центр НАФИ. – С. 85-89. Қолжетімді: <https://d-russia.ru/wp-content/uploads/2019/10/digit-ped.pdf> (қол жеткізілген күні: 20.01.2025).

Қазақстан Республикасы Үкіметі, (2023). 2023–2029 жылдарға арналған цифрлық трансформация, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мен киберқауіпсіздік саласын дамыту тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 269 қаулысы. — Қолжетімді: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000269> (қол жеткізілген күні: 20.01.2025).

Сардарова, Ж.И. (2023). Современное состояние и проблемы формирования цифровой компетентности педагогов. Вестник КазНУ. Серия «Педагогические науки», 1(74), с. 58–67. DOI: 10.26577/JES.2023.v74.i1.06. Қолжетімді: <https://bulletin-pedagogic-sc.kaznu.kz> (қол жеткізілген күні: 20.01.2025).

Сарсенбаева, Н.Ф., Мырзахметова, Б.Ш. және Адылбекова, Э.Т. (2021). Цифровизация образования в Республике Казахстан. Мир педагогики и психологии: международный научно-практический журнал, 1(54). Қолжетімді: <http://scipress.ru/pedagogy/articles/tsifrovizatsiyaobrazovniya-v-respublike-kazakhstan.html> (қол жеткізілген күні: 20.01.2025).

Солдатова, Г.У., Рассказова, Е.И. (2016). Модели цифровой компетентности и деятельность российских подростков онлайн *Национальный психологический журнал*. № 2 (22). 50–60 б. DOI: 10.11621/npj.2016.0205.

Aydin, M. K., Yildirim, T., & Kus, M. (2024). Teachers' digital competences: A scale construction and validation study. *Frontiers in Psychology*, 15, 1356573. <https://doi.org/10.3389/fpsyg.2024.1356573>

Dolezal, D., Götl, K., & Ambros, R. (2025). Pre-Service Teachers' Digital Competence: A Call for Action. *Education Sciences*, 15(2), 160. <https://doi.org/10.3390/educsci15020160>

Chu, J., Lin, R., Qin, Z., Chen, R., Lou, L., & Yang, J. (2023). Exploring factors influencing pre-service teacher's digital teaching competence and the mediating effects of data literacy: Empirical evidence from China. *Humanities and Social Sciences Communications* 10, 170. <https://doi.org/10.1057/s41599-023-02016-y>

Haleema A., et al. (2022). Understanding the role of digital technologies in education: A review, *Sustainable Operations and Computers*. Vol. 3. Pp. 275. Қолжетімді:

https://www.sciencedirect.com/science/article/pii/S2666412722000137?utm_source=chatgpt.com (қол жеткізілген күні: 20.01.2025).

Mandayeva, A.Y., et al. (2025). Digital competence as an important element of professional training of educational psychologists in Kazakhstan. *Pedagogy and Psychology*, 62(1), pp. 59–72. <https://doi.org/10.51889/2960-1649.2025.62.1.007>

Momdjian, L. (2025). *A study of preservice teachers' digital competence*. *Computers & Education*, 203, 105000. <https://doi.org/10.1016/j.compedu.2025.105000>

Repetto, M., et al. (2021). Ethical use of digital technologies in educational psychology: risks and recommendations. *Computers & Education*, 176. <https://doi.org/10.1016/j.compedu.2021.104239>

Tomczyk, Ł., Wasiński, A., & Santos, C. (2024). *Digital competence among pre-service teachers: A global analysis*. *Computers & Education*, 194, 104850 <https://doi.org/10.1016/j.compedu.2024.104850>

М.А. Ермакова^{*1}, Г.К. Шолпанкулова², П.С. Рахимгалиева³

^{1, 2}*Евразийский национальный университет им. Л.Н.Гумилева
Астана, Казахстан*

³*Медицинский университет Семей, Семей, Казахстан*

Особенности применения цифровых технологий в профессиональной деятельности будущих педагогов-психологов

Аннотация. Статья связана с необходимостью исследования проблемы развития цифровой компетентности будущих педагогов-психологов. В связи с этим рассматривается основная цель использования цифровых технологий в профессиональной деятельности будущих педагогов-психологов. В настоящее время главным фактором изменений в системе образования является интенсивный поток информации. Для адаптации к быстрым изменениям общества необходимо постоянно развивать одну из ключевых способностей — способность к обучению в течение всей жизни, что включает развитие цифровой компетентности. Учитывая задачу современной системы профессионального образования по подготовке специалистов, готовых работать, совершенствоваться и развиваться в цифровой среде, в статье раскрывается сущность понятия «цифровая компетентность».

По нашему мнению, цифровая компетентность — это формирование совокупности компетенций будущих педагогов-психологов, связанных с работой в цифровой среде (цифровые навыки, цифровая грамотность, алгоритмическое мышление, анализ данных) и возможностью их применения при решении профессиональных задач. Для достижения поставленной цели образовательные организации также должны быть готовы к изменениям. Кроме того, будущие педагоги-психологи должны быть результативными,

ответственными, активными и грамотными в использовании цифровых технологий в своей профессиональной деятельности.

Цифровые технологии представляют собой современную среду обитания человека, открывающую новые возможности для обучения, самореализации и построения индивидуальной образовательной траектории независимо от места проживания. Системное и стратегическое использование цифровых технологий будущими педагогами-психологами способствует систематическому поиску информации, формированию учебной дисциплины и быстрому освоению цифровых знаний.

В исследовании развитие цифровой компетентности будущих педагогов-психологов рассматривается как процесс, реализуемый посредством использования цифровых технологий. В статье проводится теоретический анализ исследуемой проблемы и представлены результаты эмпирического исследования, направленного на выявление условий развития цифровой компетентности будущих педагогов-психологов. Представленные материалы способствуют развитию цифровой компетентности будущих педагогов-психологов в их профессиональной деятельности.

Ключевые слова: компетентность, профессионализм, профессиональная компетентность, цифровая компетентность, информационно-коммуникационные технологии, цифровые технологии, будущие педагоги-психологи.

M.A.Yermekova^{*1}, G.K. Sholpankulova², P.S. Rakhimgaliyeva³

^{1, 2} *L.N. Gumilyov Eurasian National University,
Astana, Kazakhstan*

³ *Semey Medical University, Semey, Kazakhstan*

Features of the use of digital technologies in the professional activities of future educational psychologists

Abstract. The article is related to the need to study the issue of developing digital competence among future teacher-psychologists. Therefore, the main goal of using digital technologies in the professional activities of future teacher-psychologists is considered. At present, the main reason for the various changes in the education system lies in the vast flow of information. To adapt to the rapid changes in society, it is necessary to continuously develop one's digital competence as an integral part of lifelong learning. Considering the task of modern professional education to train specialists who are ready to work, improve, and develop in a digital environment, the article reveals the essence of the concept of "digital competence."

In our opinion, digital competence is the formation of a set of competencies of future teacher-psychologists related to working in a digital environment (digital skills, digital literacy, algorithmic thinking, data analysis) and the ability to apply them in solving professional tasks. To achieve this goal, educational institutions must also be ready for change. In addition, future teacher-psychologists should be

effective, responsible, active, and competent in the use of digital technologies in their professional activities.

Digital technologies represent a modern living environment that opens up new opportunities for learning, self-development, and building an individual educational trajectory regardless of location. Systematic and strategic use of digital technologies by future teacher-psychologists helps them to search for information efficiently, develop discipline, and quickly master digital knowledge.

The study considers the professional development of digital competence among future teacher-psychologists as a process implemented through the use of digital technologies. The article presents a theoretical analysis of the research problem and provides the results of an empirical study aimed at identifying the conditions for developing digital competence in future teacher-psychologists. The presented findings contribute to enhancing the digital competence of future teacher-psychologists in their professional activities.

Keywords: competence, professionalism, professional competence, digital competence, information and communication technologies, digital technologies, future teacher-psychologists.

References

Aimaganbetov, A. (2020). Tsifrlyk bilim: bayandama [Digital education: report] 30 maýsym 2020. Available at: https://kaz.inform.kz/news/ashat-aymagambetov-ukimetke-cifrlyk-bilim-zhobasyn-tanystyrdy_a3667423/ (accessed: 20.01.2025) (in Kazakh)

Aimaletdinov, T.A. (2019). *Digital Literacy of Russian Teachers: Readiness to Use Digital Technologies in the Educational Process.* / T.A. Aimaletdinov, L.R. Baimuratova, O.A. Zaitseva, G.R. Imaeva, L.V. Spiridonova – Text: electronic // Analytical Center NAFI. – pp. 85–89. Available at: <https://d-russia.ru/wp-content/uploads/2019/10/digit-ped.pdf> (accessed: 20.01.2025) (in Russian)

Qazaqstan Respublikasy Ükimeti (2023). 2023–2029 jıldarǵa arnalǵan cıfrlyq transformacija, aqparattyq-kommunikacijalyq tehnologijalar men kiberqauipsızdıq salasyn damytu tızhyrymdamasyn bekıtu turaly Qazaqstan Respublikasy Ükimetiniń 2023 jylǵy 28 nauryzdaǵy № 269 qaulysy [Resolution of the Government of the Republic of Kazakhstan dated March 28, 2023 No. 269 “On approval of the Concept for the Development of Digital Transformation, Information and Communication Technologies and Cybersecurity for 2023–2029”] Available at: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000269> (accessed: 20.01.2025) (in Kazakh)

Sardarova, Zh.I., et al. (2023). Sovremennoe sostojanie i problemy formirovaniya tsifrovoj kompetentnosti pedagogov [*The current state and problems of developing teachers' digital competence*] *Vestnik KazNU. Serija «Pedagogicheskie nauki»*, 1(74), 58–67. DOI: 10.26577/JES.2023.v74.i1.06. Available at: <https://bulletin-pedagogic-sc.kaznu.kz> (accessed: 20.01.2025) (in Russian)

Sarsenbaeva, N.F., Myrzakhmetova, B.Sh. jane Adylbekova, E.T. (2021). Tsifrovizatsija obrazovaniya v Respublike Kazakhstan [*Digitalization of education in the Republic of Kazakhstan*] *Mir pedagogiki i psikhologii: mezhdunarodnyj nauchno-*

prakticheskij zhurnal, 1(54). Available at: <http://scipress.ru/pedagogy/articles/tsifrovizatsiyaobrazovniya-v-respublike-kazakhstan.html> (accessed: 20.01.2025) (in Russian)

Soldatova, G.U., Rasskazova, E.I. (2016). Modeli tsifrovoj kompetentnosti i deyatel'nost' rossijskikh podrostkov onlajn [Models of digital competence and the online activity of Russian adolescents] *Natsional'nyj psikhologicheskij zhurnal*, № 2(22), 50–60 b. DOI: 10.11621/npj.2016.0205. Available at: <https://npsyj.ru/en/articles/article/6622/> (accessed: 20.01.2025) (in Russian)

Aydin, M. K., Yildirim, T., & Kus, M. (2024). Teachers' digital competences: A scale construction and validation study. *Frontiers in Psychology*, 15, 1356573. <https://doi.org/10.3389/fpsyg.2024.1356573>

Chu, J., Lin, R., Qin, Z., Chen, R., Lou, L., & Yang, J. (2023). Exploring factors influencing pre-service teacher's digital teaching competence and the mediating effects of data literacy: Empirical evidence from China. *Humanities and Social Sciences Communications* 10, 170. <https://doi.org/10.1057/s41599-023-02016-y>

Dolezal, D., Göttl, K., & Ambros, R. (2025). Pre-Service Teachers' Digital Competence: A Call for Action. *Education Sciences*, 15(2), 160. <https://doi.org/10.3390/educsci15020160>

Haleema A., et al. (2022). Understanding the role of digital technologies in education: A review, *Sustainable Operations and Computers*. Vol. 3. Pp. 275. Available at: https://www.sciencedirect.com/science/article/pii/S2666412722000137?utm_source=chatgpt.com (accessed: 20 January, 2025)

Mandayeva, A.Y., et al. (2025). Digital competence as an important element of professional training of educational psychologists in Kazakhstan. *Pedagogy and Psychology*, 62(1), pp. 59–72. <https://doi.org/10.51889/2960-1649.2025.62.1.007>

Momdjian, L. (2025). *A study of preservice teachers' digital competence*. *Computers & Education*, 203, 105000. <https://doi.org/10.1016/j.compedu.2025.105000>

Repetto, M., et al. (2021). Ethical use of digital technologies in educational psychology: risks and recommendations. *Computers & Education*, 176. <https://doi.org/10.1016/j.compedu.2021.104239>

Tomczyk, Ł., Wąsiński, A., & Santos, C. (2024). *Digital competence among pre-service teachers: A global analysis*. *Computers & Education*, 194, 104850. <https://doi.org/10.1016/j.compedu.2024.104850>

Автор туралы мәліметтер:

Ермекова Мөлдір Алтынбекқызы – хат-хабар авторы, 8D01103 «Педагогика және психология» білім беру бағдарламасы бойынша 3 курс докторанты, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Янушкевич көшесі, 6, Астана, Қазақстан.

Шолпанқұлова Гүлнар Кеңесбекқызы – педагогика кафедрасының профессор м.а., педагогика ғылымдарының кандидаты, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Янушкевич көшесі, 6, Астана, Қазақстан.

Рахимғалиева Пакизат Сармановна – Т.Қ. Раисов атындағы молекулалық биология және медициналық генетика кафедрасының оқытушысы, PhD, Семей медициналық университет, Абай көшесі 103, Семей, Қазақстан.

Информация об авторах:

Ермекова Молдир Алтынбековна – автор для корреспонденции, докторант 3 курса по образовательной программе 8D01103 «Педагогика и психология», Евразийский национальный университет им Л.Н.Гумилева, улица Янушкевича, 6, Астана, Казахстан.

Шолпанқұлова Гүлнар Кеңесбековна – и.о профессора, кандидат педагогических наук кафедры педагогики, Евразийский национальный университет им Л.Н.Гумилева, улица Янушкевича, 6, Астана, Казахстан.

Рахимғалиева Пакизат Сармановна – PhD, преподаватель кафедры молекулярной биологии и медицинской генетики имени Раисова Т.К., Медицинский университет Семей, улица Абая, 103, Семей, Казахстан.

Information about the authors:

Yermekova Moldir – corresponding author, 3rd year doctoral student in educational program 8D01103 «Pedagogy and psychology», L.N. Gumilyov Eurasian National University, Yanushkevich Street, 6, Astana, Kazakhstan.

Sholpankulova Gulnar – Associate Professor, Department of Pedagogy, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Yanushkevich Street, 6, Astana, Kazakhstan.

Rakhimgaliyeva Pakizat – PhD, teacher of the department of molecular biology and medical genetics and academician of the Raisova T.K., Semey Medical University, Abaya 103 Semey, Kazakhstan.